

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Жоғарғы сот 2022 жылғы жұмыстың қорытындысын шығарды	2	Верховный Суд подвел итоги работы судов за 2022 год	6
«Соттардың салық заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 нормативтік қаулысы	10	Нормативное постановление Верховного Суда от 2022 года 22 декабря № 9 «О некоторых вопросах применения судами налогового законодательства»	32
«Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 10 нормативтік қаулысы	55	Нормативное постановление Верховного Суда от 2022 года 22 декабря № 10 «О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан по уголовному и уголовно-процессуальному законодательству»	77

ЖОҒАРҒЫ СОТ 2022 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРДЫ

Жоғарғы Соттың кеңейтілген кеңесінің жұмысына Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Ержан Жиенбаев, Жоғарғы Сот Кеңесінің төрағасы Денис Шипп пен Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Айдын Бикебаев қатысты. Онлайн режимде жиынға өңірлердің судьялары да қосылды.



Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы **Әбдірашит Жүкенов** 2022 жылы бірінші сатыдағы соттарға 2021 жылмен (32 737) салыстырғанда қылмыстық істер 4,6%-ға (31 257) аз түскенін мәлімдеді.

Сотталғандардың саны 1,5 %-ға (28 208-ден 28 611-ге) азайған. Соттың үш сатысында барлығы 483 адам (2021-де – 503, 4%-ға аз) ақталған. Ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша өткен жылмен (168) салыстырғанда 177 адам ақталған (5 %-ға көп).

Былтыр 377 адамға қатысты үкімнің күші жойылса, биыл бұл көрсеткіш – 334-ті

құрады. Апелляцияда былтыр 1 348 адамға қатысты сот актілері өзгертілсе, биыл 1 246 адамға қатысты актілер өзгертілді. Апелляцияда өткен жылы 8 458 адамға, биыл 8 010 адамға қатысты істер қаралған, көрсеткіш 5,3%-ға аз. Жоғарғы Сот 17 адамға қатысты бірінші сатыдағы 14 іс бойынша үкімдерді қалпына келтірген.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқа төрағасы **Нұрсерік Шәріповтің** ақпаратына сүйенсек, 2022 жылы соттарға барлығы 780 мың азаматтық іс пен материал келіп түскен. Көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда 10,1%-ға артқан. Материалдар санының 34,3%-ға (168 934-ден 226 914-ға) артуы борышкерлердің Қазақстаннан тыс жерлерге шығуын санкциялау есебінен орын алған.

Апелляцияда істер 15%-ға (36 мыңнан 30 мыңға) аз қаралған. Сот шешімдерін түзету 17%-ға (5 мыңнан 4 мыңға дейін) азайған. Кассацияда да істер 2022 жылмен салыстырғанда аз (582-ден 575-ке дейін) қаралды. Жоғарғы Сот апелляция күшін жойған бірінші сатыдағы соттардың 85 шешімінің күшін қалпына келтірген.



Жоғарғы Соттың әкімшілік істер жөніндегі алқа төрағасы **Аслан Түкиев** талап қою арыздары санының ай сайын өскенін атап өтті. 2022 жылы 9 мыңның үстіндегі істер бойынша 30 мыңнан астам шешім қабылданған. Шешімдердің 57% талап қоюшылардың пайдасына шығарылған, істердің 15%-ында тараптар татуласқан, 25% іс бойынша арыздарды талап қоюшылар қайтарып алған. 686 ақшалай өндіріп алу туралы ұйғарым және 1 758 жеке ұйғарым шығарылған. Спикер әкімшілік әділеттің тиімділігіне тоқтала келе, бұл азаматтардың құқықтарын қорғауға және қоғамның

мемлекетке сенімін арттыруға бағытталғанын атап өтті.



Жоғарғы Сот аппаратының басшысы **Наиль Ахметзакиров** Президент Сот әкімшілігі (СӘ) туралы ережені бекіткенін хабарлады. Осылайша, Жоғарғы Соттың департаменті соттардың тәуелсіздігін нығайту және азаматтардың сенімін арттыру мақсатында жаңа орталық мемлекеттік органға айналды. Департаменттің сот реформаларын іске асыруға және соттарды қаржыландырудың жаңа моделін енгізуге қосқан үлесі аталып өтілді.

Цифрландыруды дамытудың жоғары деңгейі қамтамасыз етілді. Алматы, Ұлытау және Абай облыстарында жаңадан соттар құрылып, тиісті жағдай жасалды. Қаңтар

оқиғасы кезінде зардап шеккен соттардың инфрақұрылымы толығымен қалпына келтірілді. Бұл, өз кезегінде, сот төрелігін жүзеге асыру процесін судьяларға ғана емес, сотқа келушілер үшін де жайлы етуге мүмкіндік берді.



Жоғарғы Сот төрағасы **Асламбек Мерғалиев** сот жүйесін дамытудың жаңа басымдықтарын айқындады. Сот билігінің консервативті сипатына тоқтала келе, ол соңғы жылдары бірқатар өміршең реформалар жүргізілгенін атап өтті. Спикер сот жүйесін жаңғырту бойынша судьялық кадрлар, сот төрелігін жүзеге асыру және сот әкімшілігін дамыту бойынша Президент тапсырмаларының орындалу барысына назар аударды.

А.Мерғалиевтің пікірінше, реформалар жан-жақты ойластырылып жүргізілгенде ғана азаматтар мен кәсіпкерлердің мәселелері шешіледі. Сот

төрелігінің сапасын арттыру мақсатында келесі шешімдер қабылданды:

- сот процестерін, әсіресе, жабық істер бойынша, кәмелетке толмағандардың құқықтарына қатысты, мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен болатын және т.б. отырыстарды офлайн форматта өткізу;
- сот практикасын қорытумен байланысты құжаттарды әзірлеуді жандандыру және Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын өзектендіру;
- өрескел қате жіберген судьялардың жазадан жалтармауын қамтамсыз ету.
- судьялардың еңбекақы жүйесін теңестіру.

А. Мерғалиев сот төрағаларын сайлау тетіктерін енгізу, құқық қорғау органдарының ықпалын жою және олардың судьяларға әкімшілік қысым жасау құралдарын болдырмау керектегін атап өтті. Сотқа дейінгі тергеу сатысында сот бақылауының тиімділігін арттыру, мерзімінен бұрын босату және жаза түрін ауыстыру институттарын жетілдіру және апелляцияның рөлін күшейту қажеттігі айтылды.

Спикер ӘРПК-нің 175-бабына сәйкес әкімшілік әділет жүйесін дамыту бөлігін іске асыруды және барлық әкімшілік даулар бойынша сотқа дейінгі реттеу тәсілдерін енгізуді маңызды деп санайды. Мемлекеттік сатып алуға, салық жинауға және сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдануға қатысты істерді қарау мерзімін қысқарту мәселесі зерделеуді талап етеді.

Жиын соңында А.Мерғалиев әділетті Қазақстанды құрудағы соттардың рөліне қатысты Мемлекет басшысының ой-пікірімен бөлісе келе: «Азаматтардың, бизнес пен инвесторлардың бізге артып отырған үміті зор. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру, сот төрелігін жүзеге асыру соттың басты мақсаты екенін әрбіріміз естен шығармағанымыз абзал», - деді.



Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

ВЕРХОВНЫЙ СУД ПОДВЕЛ ИТОГИ РАБОТЫ СУДОВ ЗА 2022 ГОД

В работе расширенного совещания Верховного Суда (далее – ВС) приняли участие Заместитель Руководителя Администрации Президента Ержан Жиенбаев, Председатель Высшего Судебного Совета Денис Шипп и Председатель Республиканской коллегии адвокатов Айдын Бикебаев. В режиме онлайн были подключены судьи регионов.



По словам Председателя коллегии по уголовным делам ВС **Абдрашида Жукенова**, в суды первой инстанции в 2022 году поступило на 4,6% уголовных дел меньше, чем в 2021-м (31 257 дел против 32 737). Осужденных стало меньше на 1,5 % (28 208 лиц против 28 611). Оправдано в трех инстанциях 483 человека (в 2021-м – 503, меньше на 4 %). Оправдано по тяжким и особо тяжким правонарушениям в трех инстанциях – 177 против 168 (на 5 % больше, чем в 2021-м).

Отменено приговоров по 334 лицам против 377, изменено судебных актов по

1 246 лицам против 1348 в апелляции. Апелляция рассмотрела на 5,3 % дел меньше (в отношении 8 010 лиц против 8 458 лиц). ВС восстановлены приговоры первой инстанции по 14 делам в отношении 17 лиц.

По информации Председателя коллегии по гражданским делам ВС **Нурсерика Шарипова**, всего в суды в 2022-м поступило 780 тысяч гражданских дел и материалов, что больше на 10,1% в сравнении с 2021 годом. Рост материалов на 34,3% (с 168 934 до 226 914) произошел за счет санкционирования выезда должников за пределы Казахстана.

В апелляции пересмотрено на 15 % меньше дел (с 36 до 30 тыс.). Скорректировано на 17 % судебных решений меньше (4 тыс. против 5 тыс.). Меньше дел наблюдается и в кассации (с 582 до 575). ВС восстановлено 85 решений судов первой инстанции, отмененных при апелляции.



Председатель коллегии по административным делам ВС **Аслан Тукиев**, выступая, отметил ежемесячный рост исков. В 2022 году вынесено свыше 30 тыс. решений по более 9 тыс. дел. В пользу истца вынесено 57% решений, 15% примирений, отозвано исков – 25%. Вынесено 686 денежных взысканий и 1 758 частных определений. Спикер подчеркнул эффективность адмюстиции, основной ее задачей названа защита прав граждан и повышение уровня доверия общества к государству.



Руководитель Аппарата ВС **Наиль Ахметзакиров** проинформировал об утверждении Президентом Положения о Судебной Администрации (СА). Департамент ВС преобразован в новый центральный госорган с целью укрепления независимости судов и повышения доверия граждан. Отмечен вклад Департамента в реализацию реформ и внедрение новой модели финансирования судов. Обеспечены высокий уровень развития цифровизации, условия для вновь образованных судов в областях Алматинской, Ұлытау и Абай. Полностью восстановлена нарушенная в ходе январских событий инфраструктура

судов, что способствовало нормализации процесса отправления правосудия не только для судей, но и посетителей судов.



Председатель ВС **Асламбек Мергалиев** в своем выступлении обозначил основные приоритеты развития судебной системы. Подчеркнув консервативность судебной власти, он в то же время отметил проведение ряда прогрессивных реформ. Спикер акцентировал внимание на реализации по поручению Президента модернизации по ключевым направлениям, таким как: судейские кадры, отправление правосудия и судебное администрирование.

По мнению А.Мергалиева, реформы должны быть взвешенными, разрешать проблемы граждан и предпринимателей.

Для повышения качества отправления правосудия принято решение:

- проводить судебные процессы офлайн, особенно по закрытым процессам, касающимся прав несовершеннолетних, с участием представителей госорганов и др.;
- активизировать подготовку обобщений судебной практики и актуализацию нормативных постановлений ВС;
- обеспечить неотвратимость наказания за грубые нарушения судьи;
- сбалансировать систему оплаты труда судей.

Председатель ВС отметил необходимость внедрения выборности председателей судов, искоренения влияния силовых органов и исключения

инструментов их административного давления на судей. Указано на повышение эффективности судебного контроля на стадии досудебного расследования, совершенствование института применения УДО и ЗМН и усиление роли апелляции.

Спикер считает важным реализовать в части развития адмюстиции требования статьи 175 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан и ввести досудебное урегулирование по всем административным спорам. Отметил необходимость изучения вопроса сокращения срока рассмотрения дел в сферах госзакупок, налогообложения и обжалования действий судебных исполнителей.

В заключение А.Мергалиев привел тезис Главы государства, где подчеркнута роль судов в построении Справедливого Казахстана. «У людей, бизнеса, инвесторов очень большие надежды. Каждый из нас при отправлении правосудия должен помнить главное предназначение суда – обеспечение верховенства закона, восстановление нарушенных прав и интересов», - сказал он.



Пресс-служба Верховного Суда

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 9 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ

2022 жылғы 22 желтоқсан

Астана қаласы

Соттардың салық заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы

Соттардың салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнаманы қолдану практикасын зерделеп және оны біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді:

- Салық заңнамасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 2-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі – Конституция) негізделеді, Салық кодексінен, сонымен қатар қабылдануы Салық кодексінде көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Соттар Қазақстан Республикасы салық заңнамасының нормаларын қолдану кезінде Конституцияның 12-бабының 2-тармағына сәйкес Салық кодексін және онда көзделген нормативтік құқықтық актілерді қоса алғанда, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын айқындайтын Конституцияның 1-бабының 1-тармағында белгіленген құндылықтарды негізге алуы қажет.

Мұндай нормативтік құқықтық актілерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары, салық органдары жүйесіндегі уәкілетті орган басшысының нормативтік құқықтық бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі басшысының нормативтік құқықтық бұйрықтары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілетті органдарының жекелеген салық мөлшерлемелерін және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу туралы нормативтік құқықтық шешімдері жатады.

Салық кодексінің 10-бабына сәйкес салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер міндетті түрде ресми жариялануға тиіс.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңының (бұдан әрі – Құқықтық актілер туралы заң) 35-1-бабына сәйкес уәкілетті орган басшысының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық бұйрықтарының және жергілікті өкілеттік органдардың құқық нормаларын қамтитын, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты

нормативтік құқықтық шешімдерінің күшіне енуінің қажетті шарты оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеу болып табылады.

Соттар салық дауларын қарау кезінде осы шарттарға сәйкес келмейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес.

Салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша қабылданған және салық органы әрекетті (әрекетсіздікті) орындаған немесе ол шешім шығарған кезде қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілер осы әрекеттерді (әрекетсіздікті) орындау немесе шешім шығару кезінде қолданылуға жататынын соттар назарда ұстағаны жөн. Салық төлеушінің салықтық міндеттемесінің немесе салық агентінің міндеттерінің туындауына, орындалуына немесе тоқтатылуына байланысты салық қатынастарына салық төлеушінің салықтық міндеттемесі немесе салық агентінің міндеті туындаған, орындалған немесе тоқтатылған кезде қолданыста болған нормативтік құқықтық актілер, егер қолданысқа жаңадан енгізілген нормативтік құқықтық актілердің немесе олардың нормаларының оларды қолданысқа енгізу туралы заңнамалық актіге сәйкес кері күші болмаса қолданылуға жатады. Бұл ретте барлық жағдайларда Салық кодексінің 3-бабы 5-тармағына сәйкес салықтардың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің жаңа түрін белгілейтін, мөлшерлемені арттыратын, жаңа міндеттер белгілейтін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) жағдайын нашарлататын Қазақстан Республикасы заңдары ережелерінің кері күші болмайды.

Салық кодексінің 19-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық органдары өз құзыреті шегінде салықтық міндеттеменің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндірмелерді жүзеге асыруға және түсініктемелер беруге міндетті. Мұндай түсіндірмелер мен түсініктемелер, сондай-ақ әдістемелік ұсынымдар, оның ішінде уәкілетті органның әдістемелік ұсынымдары нормативтік құқықтық актілерге жатпайды. Сот оларды салық заңнамасының нормаларына сәйкестігін ескере отырып бағалауға тиіс.

Салық органдары салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді жинау бойынша өздері жүзеге асыратын, оның ішінде салықтық бақылауды жүзеге асыруға, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді және Салық кодексінде белгіленген салықтық әкімшілендірудің өзге де нысандарын көрсетуге негізделген шаралар мен тәсілдер жүйесін (жиынтығын) қамтитын салықтық әкімшілендіруді жүзеге асырады.

Салық саясатын (жаңа салықты және бюджетке төленетін төлемдерді белгілеу және қолданыстағыларының күшін жою, салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша мөлшерлемелерді, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базасын өзгерту жөніндегі

шаралар жиынтығы) салық саясаты саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Салық салу мақсатында заңнама нормаларын қолдану кезінде Салық кодексінің 2-бабы 3-тармағында белгіленген оның нормаларының басымдығын негізге алған жөн.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодексіндегіден өзгеше қағидалар белгіленсе, аталған шарттың қағидалары қолданылады (Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағы). Конституцияның 4-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 нормативтік қаулысына сәйкес Қазақстан қатысушысы болып табылатын, атап айтқанда Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) және олардың органдарына қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың, мемлекетаралық бірлестіктердің нормативтік шешімдері мен өзге де нормативтік құқықтық актілері халықаралық шарттарға теңестіріледі және халықаралық шарттарды қолдану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде салық заңнамасының нормаларынан басымдығы болады.

Егер ратификацияланған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Үкіметіне салық салу құқығы берілсе, бірақ ұлттық заңнамада аталған құқық жүзеге асырылмаса (жеңілдік болса), онда ұлттық заңнама қолданылуға жатады.

Халықаралық шарттардың ережелерін қолдану кезінде шарт субъектілердің арнайы тобына қолданылатынын ескеру қажет. Әдетте, қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияларда мұндай субъектілерге уағдаласушы мемлекеттердің резиденттері жатады.

Қосарланған салық салуды болғызбау туралы конвенцияларды түсіндіру кезінде, егер мұндай түсіндіру қағидалары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы № 2059-ХІІ қаулысының негізінде Қазақстан Республикасы қосылған Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының ережелеріне сәйкес келсе, халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген түсіндірудің жалпы қағидалары қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АҚ) 1-бабының 4-тармағына сәйкес заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, салық қатынастарына азаматтық заңнама

қолданылмайды. Осыған байланысты соттар салық қатынастарын азаматтық заңнамамен реттелетін мүліктік қатынастардан ажыратқаны жөн.

Салық кодексінің 1-бабының 4-тармағына сәйкес, егер Салық кодексінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасының азаматтық және басқа да заңнамасы салаларындағы ұғымдар, егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңнамасының сол салаларында пайдаланылатын мағыналарында қолданылады. Қазақстан Республикасы заңнамасының әртүрлі салаларындағы сол бір ұғымдардың мәнін айқындау кезінде Салық кодексінде пайдаланылатын ұғымдар Салық кодексінің нормаларында сілтеме жасалған Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті саласында олар қандай мағынада пайдаланылса, сол мағынада қолданылуы тиіс.

Салық кодексінде пайдаланылатын және салық салу және салықтық есепке алу мақсатында Салық кодексінің нормаларында сілтеме жасалған Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының ұғымдары, оның ішінде «ұйымдар», «кірістер», «шығыстар», «активтер», «міндеттемелер» ұғымдары салық қатынастарына Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында пайдаланылатын мағынада қолданылуға жатады.

Салық кодексінің 116-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өсімпұл белгіленген мерзімде орындалмаған салықтық міндеттемені орындауды қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі болып табылады. Сондықтан мерзімінде төленбеген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасына есептелетін өсімпұл мөлшерін АҚ-нің 297-бабының негізінде азайтуға, сондай-ақ Салық кодексінің 117-бабының 3-тармағында, 158-бабының 7-тармағында көзделмеген негіздер бойынша өсімпұл төлеуден босатуға жол берілмейді.

4. Салық органдары анықтаған мынадай бұзушылықтар бойынша:

жазып берілуі бойынша әрекетті (әрекеттерді) заңды күшіне енген сот актісімен жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған (жасалған) деп танылған шот-фактураның негізінде;

заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жарамсыз деп танылған мәмілелер бойынша корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі – КТС) есептеу кезінде шығыстарды шегерімнен алып тастау және сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының (бұдан әрі – ҚҚС) сомасын есепке жатқызудан алып тастау бойынша осындай негіздер Салық кодексінің нормаларында қамтылған.

Көрсетілген әрбір негіздердің өзіндік дәлелдеу нысанасы мен дәлелдемелер тобы бар.

5. Азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген жеке кәсіпкерлік субъектісінің мүліктік пайда алу мақсатында іс жүзінде

жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттерді жасауы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 216-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Салық төлеушінің, атап айтқанда, ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрмаған төлеушінің, сол сияқты жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар тиеп жіберуді іс жүзінде жүргізбеген тұлғаның жазған және ҚҚС сомасын қамтитын жалған шот-фактураны жазып беруі, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 280-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.

ӘҚБтК-нің 280-бабына ескертпеге орай жалған шот-фактура деп жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар жөнелтуді іс жүзінде жүргізбеген тұлға жазған және ҚҚС сомасын қамтитын шот-фактура танылады.

Заңды күшіне енген үкіммен, қылмыстық істі тоқтату туралы сот қаулысымен, қылмыстық қудалау органының ақталмайтын негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулысымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулымен тұлғаның шот-фактураны жазып беру жөніндегі әрекеттері іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасалды деп танылған, яғни жалған шот-фактураны жазып беру КТС-ны есептеу кезінде шығыстарды шегерімдерден алып тастау және сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша ҚҚС сомасын есепке жатқыздудан алып тастау үшін негіз болып табылады.

Салық органдарынан жасалғаны жалған шот-фактуралармен расталған мәмілелерге дау айту туралы талап қоюды беру талап етілмейді.

Салық органы КТС және ҚҚС бойынша сомаларды тиісті есепке жазуды жалған шот-фактураны жазу бойынша әрекеттердің жасалғаны анықталған заңды күшіне енген актілердің негізінде жүзеге асырады.

6. Салық кодексінің 19-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес салық органдары соттарға АК-нің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тарату туралы талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті мен міндеттеріне сәйкес өзге де талаптарды қоюға құқылы.

Мәлімделген талап қоюды негіздеу үшін салық органы мәміле тараптарының міндеттемелерді іс жүзінде орындамағанын және оларды орындаудың объективті мүмкіндігінің жоқтығын куәландыратын дәлелдемелер келтіруге міндетті.

Дәлелдемелерді жинауды салық органы құзыретіне сәйкес, салықтық әкімшілендіру шеңберінде, оның ішінде мәмілені жарамсыз деп тану туралы

сотқа талап қою берілгенге дейінгі салықтық бақылау арқылы (салықтық тексеру нысанында және мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарында) жүзеге асырады.

Сот мынадай мән-жайларды анықтаған кезде:

- дау айтылған мәміленің негізгі мақсаты салықтарды төлемеу немесе толық төлемеу болып табылатын;

- мәміле бойынша міндеттемені контрагенттің өзі немесе мәмілені орындау бойынша міндеттеме шартпен немесе заңмен берілген тұлғаның орындамағаны мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюды қанағаттандыру үшін негіз болып табылады.

7. Тараптардың бәсекелестігі мен тең құқықтылығы қағидаттарына сәйкес салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жолдау бойынша салық органдары лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағымданған жағдайларда контрагенттер өз тарапынан мәміленің жарамдылығын дәлелдеуге құқылы, салық төлеуші тіркелуі (қайта тіркелуі) соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде жарамсыз деп танылған заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын дәлелдеуге құқылы.

Салық кодексінің 8-бабының 1-тармағы ережелерінің негізінде салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерді (әрекетсіздікті) жүзеге асырудағы адалдығы көзделеді.

Соттар мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қоюларды қараған кезде салық төлеуші контрагенттердің сенімділігі мен адалдығы нысанасына қатысты ақпаратты алу құқығын іске асырғанын ескергені жөн.

8. Шот-фактураларды жарамсыз деп тану туралы талап қою берілген жағдайда жазбаша нысанда жасалған шот-фактуралар мәмілелер деп таныла алмайтынын ескеру қажет. Шот-фактура мәміле жасалғаны туралы дәлелдемелердің бірі болуы мүмкін.

Осыған байланысты мұндай талап қоюды қабылдаудан Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 151-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес бас тартылуға тиіс, ал егер талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданса, іс бойынша іс жүргізу АПК-нің 277-бабы 1) тармақшасының негізінде тоқтатылуға жатады.

Практикада шот-фактуралар ғана болып, оларды салық төлеуші салық міндеттемелерін орындау кезінде ескерген жағдайлар да кездеседі. Мұндай жағдайларда жасалғаны тек шот-фактурамен расталған мәміле дау айту нысанасы болуға тиіс. Салық органы талап қою нысанасын дұрыс көрсеткен және мәміленің жарамсыздығы дәлелдемелерінің жеткілікті жиынтығы болған кезде, сот оны барлық туындайтын салдарымен сондай деп тануы мүмкін.

9. Жауапкерлердің біріне қатысты тарату рәсімі аяқталған кезде (тарату негіздеріне қарамастан) мәмілені жарамсыз деп тану туралы іс бойынша іс жүргізу тоқтатылуы мүмкін емес.

Егер іс бойынша әрекет ететін заңды тұлға немесе дара кәсіпкер болып табылатын және дау айтылған мәміленің шарттары мен ережелерін ескере отырып, өзінің салық міндеттемелерін белгілеген екінші жауапкер болса, талап қою мәні бойынша қаралуға жатады. Мұндай жауапкерге қатысты мәлімделген талап оның контрагентінің таратылуына қарамастан, мәні бойынша шешілуге тиіс.

10. Салық органы заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты заңды тұлғаны тіркеуді жарамсыз деп тану негізі бойынша соттарға заңды тұлғаны тарату туралы талап қоюды беруге құқылы (АК-нің 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы).

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, сотқа тіркеуді жарамсыз деп тану туралы емес, заңды тұлғаны тарату туралы талап қойылуға тиіс.

Қолданыстағы заңнамада заңды тұлғаны тіркеудің жарамсыздығы негіздерінің толық тізбесі қамтылмаған. Соттар істі қарау кезінде іс үшін маңызы бар нақты мән-жайларды негізге ала отырып, заңды тұлғаны құру кезінде заңдылықтың өрескел бұзылуына жол беру фактісін және оның жойылмайтын сипатын анықтауға тиіс.

Соттың мұндай талап қоюларды қанағаттандыруы тарату туралы сот шешімі шығарылған заңды тұлға үшін де, оның контрагенттері үшін де құқықтық салдарға әкеп соғады. Сондықтан соттар заңды тұлғаны құру кезінде жіберілген бұзушылықтарды оның өз қызметін жүзеге асыру кезінде жасаған бұзушылықтарынан ажыратуы керек.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Заңының (бұдан әрі – Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң) 1-бабының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді қамтитыны туралы ережесін негізге алу қажет.

Бұл ретте заңнаманы бұзушылықтар жойылмайтын болуға тиіс. Мысалы, міндетті виза алу қажеттілігі жағдайында заңды тұлға құрған, сондай-ақ заңды тұлғалар қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысатын шетелдіктердің бизнес-көшіп келушілер ретінде кіруге виза алмауы; коммерциялық емес ұйымның жарғысында оның негізгі мақсаты ретінде пайда табуды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында жарғылық капиталдың бастапқы мөлшерін «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан

Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Заңының 23-бабының 2-тармағында белгіленген сомдан кем болатын соманы көрсету осындай бұзушылықтар болып табылады.

Қалыптастырылған жарғылық капиталдың болмауы, құрылатын заңды тұлғаның басшысы етіп шетелдік жеке тұлғаны тағайындауға байланысты шетелдік жұмыс күшін тартуға уәкілетті органның рұқсатының жоқтығы, салық есептілігін ұсынбау АҚ-нің 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген заңнаманы бұзушылықтарға жатқызылуы мүмкін емес. Осы және соларға ұқсас бұзушылықтар заңды тұлға өз қызметін жүзеге асыру кезінде жол берген бұзушылықтар болып табылады.

11. Тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы мәлімделген заңды тұлғаларды сот іске жауапкерлер ретінде қатысуға тартуы тиіс.

Тең жауапкерлер ретінде тіркеуші орган, заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) іске қатысуға міндетті түрде тартылуға жатады.

Заңды тұлғаны жүргізілген қайта тіркеуге ғана дау айтылған жағдайда, іске қатысуға алдыңғы қатысушыны (қатысушыларды) да тартқан жөн. Заңды тұлғаны қайта тіркеуді жарамсыз деп тану және бұрынғы тіркеу деректерін қалпына келтіру алдыңғы қатысушыға (қатысушыларға) оның қызметіне байланысты міндеттемелерді, оның ішінде салықтық міндеттемелерді жүктейді.

Заңды тұлғаны тарату (тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану) туралы талап қою қанағаттандырылған жағдайда салықтық бақылау жүргізу туралы мәселені шешу салық органының өкілеттігіне кіреді және салық заңнамасында көзделген шаралар қабылданған кезде ғана контрагенттердің құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін, олар салық органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту шеңберінде өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға құқылы.

12. Заңды тұлғаны құруға (қайта тіркеуге) қатысы жоқ жеке тұлға - басшысын және (немесе) құрылтайшысын (қатысушысын) көрсете отырып, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) заңды тұлғаны таратуға (қайта тіркеуді жарамсыз деп тануға) негіз болып табылады.

Конституцияның 26-бабының 4-тармағына, АҚ-нің 10-бабына, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) 2-бабына сәйкес құрылтайшы (қатысушы) қабылдаған шешімнің негізінде заңды тұлғаны құру арқылы жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін тиісті түрде білдірілген және ресімделген осы тұлғаның еркі болуы қажет.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген тұлғаның оны құруға және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, сол сияқты оның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмауына ерік білдіруінің болмауы заңды тұлғаны таратуға (тіркеуді, қайта тіркеуді жарамсыз деп тануға) негіз болып табылады.

Іс жүзінде заңды тұлға көбінесе құжаттарды қолдан жасау, жоғалған құжаттарды пайдалану, тіркеу (қайта тіркеу) жүргізілген тұлғаны жаңылыстыру жолымен және осы тұлғаның салық органына не сотқа берген түсіндірмелерімен расталған өзге де мән-жайлар бойынша заңсыз құрылған болып есептеледі.

Тиісінше мұндай мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының заңнамасын елеулі түрде бұза отырып жүргізілген, олар жойылмайтын сипатта болады.

13. АҚ-нің 49-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған жағдайда, заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдай алатындығы соттарға түсіндірілсін.

Жоғарыда көрсетілген белгілер жиынтығының болмауы талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады, өйткені салық органдарының өзге де ден қою тәсілдері бар.

Салық кодексінің 70-бабының 4, 5-тармақтарына сәйкес 70-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша жүргізілген салықтық зерттеп-қарау нәтижесінде тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша салық төлеушінің іс жүзінде болмауы анықталған жағдайда, салық органы мұндай салық төлеушіге салық төлеушінің орналасқан (болмаған) жерін растау туралы хабарлама жібереді.

Салық төлеуші талапты орындамаған жағдайда салық органы банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады немесе банктік шоттар болмаған кезде, ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарады.

Заңды тұлғаны тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы талап қоюмен жүгінген кезде заңды тұлғаның тіркелген жері бойынша болмауы негізінде сот анықтауға жататын мән-жайлар қатарына: заңды тұлғаның нақты орналасқан жерін анықтау, сондай-ақ салық органының салық төлеушінің орналасқан (болмаған) жерін растау туралы хабарламасын орындамағаны жөніндегі шешімінің болуы және оны салық төлеушіге жіберу фактісін анықтау жатады.

Заңды тұлғаны тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы талап қою тіркеу (қайта тіркеу) кезінде заңды тұлғамен байланысу, сондай-ақ салықтық бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін болдырмайтын заңды тұлғаның мекенжайы туралы дұрыс емес мәліметтерді қасақана бергенін куәландыратын мән-жайлар орын алған кезде де қанағаттандырылуға жатады.

Мынадай мән-жайлар заңды тұлғаның орналасқан жері туралы мәліметтердің анық еместігін куәландыруы мүмкін:

- құжаттарда көрсетілген мекенжай іс жүзінде болмауы;
- үй-жайды жалға алудың жалған шарты ұсынылуы;

және өзге де мән-жайлар.

Заңды тұлғаның тіркелген (қайта тіркелген) жері бойынша жоқтығын заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органының көрсетілген мекенжай бойынша орналаспағандығы, жүргізілген салықтық зерттеп-қарау нәтижелері теріс екендігі, пошта хат-хабары адресаттың болмауына байланысты оны тапсырудың мүмкін еместігі себепті белгімен қайтарылғандығы туралы деректер куәландырады.

14. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық іс бойынша қорытынды шешімнің болмауы заңды тұлғаны тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы талап қоюдан бас тарту үшін сөзсіз негіз бола алмайды.

Соттар істі қарау кезінде істің нақты мән-жайларын негізге алып, анықталғанға байланысты өз қорытындыларын қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешімнің болуымен не болмауымен ғана байланыстырмай, шешім шығаруы тиіс.

15. Қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты заңды тұлғаны қайта тіркеуге дау айту туралы істер бойынша соттар Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңның 14-бабының ережелерін ескеруі тиіс.

Осы нормада шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік қайта тіркеу үшін қатысушылардың құрамын өзгерту негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық серіктестіктен шығатын қатысушының серіктестіктің мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлеске немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығарғанын (басқаға бергенін) растайтын құжат ұсынылатыны көзделген.

Мұндай шарттың тарабы жеке тұлға болып табылса, шартты нотариат куәландыруға тиіс.

Істерді қарау кезінде соттар мұндай мәмілелерге сот тәртібімен дау айтылған-айтылмағанын, осы мәмілелерге дау айтылатын-айтылмайтынын немесе заңның тікелей нұсқауына орай мәмілелер маңызсыз болып табылатын-табылмайтынын анықтауы қажет.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу тіркеуші органның әкімшілік актісі болып табылады, осыған байланысты мұндай қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап қоюлар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға тиіс.

16. Дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеуді жарамсыз деп тану, сондай-ақ заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде заңды тұлғаны қайта тіркеуді жарамсыз деп тану кезінде көрсетілген тұлғаларды ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығару мұндай есепке қою күнінен немесе қайта тіркеу күнінен бастап есептелетіні Салық кодексінің 85-бабы 4-тармағының 4), 5) тармақшаларында және 6-тармағының 2), 3) тармақшаларында белгіленген.

Бұл ережелер салық органы шешім шығарған немесе әрекет (әрекетсіздік) жасаған кезде қолданысқа енгізілген заң нормаларына сәйкес жүзеге асырылатын салықтық әкімшілендіруге жатады.

Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыда ҚҚС сомаларын есепке жатқызу құқығы туындауы үшін өнім беруші ҚҚС төлеуші болуы қажет.

Бұл ретте есепке жатқызылатын ҚҚС сомасынан алып тастау декларацияда ҚҚС есепке жатқызылатын ҚҚС ретінде танылған салық кезеңінде жүргізіледі.

Осындай өзара есеп айырысулар бойынша КТС, егер салық төлеуші бұрын мұндай шығыстарды камералдық бақылау нәтижелері бойынша дербес алып тастамаса, құжаттық салықтық тексерулер нәтижесі бойынша есептелуі мүмкін. Бұл ретте салықтық тексеру актісі салықтық бұзушылықтың толық сипаттамасын көрсете отырып, салықтық және өзге де заңнаманың тиісті нормасына сілтеме жасай отырып жасалады. Салық төлеушінің контрагентін тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы заңды күшіне енген сот шешімінен басқа, КТС сомаларын есептеу үшін негіз ретінде осы тұлғалар арасындағы қаржы-шаруашылық операциялардың жарамсыздығын куәландыратын өзге де мән-жайлар көрсетілуі мүмкін.

17. Салық кодексінің 48-бабы 1-тармағына сәйкес, мынадай:

салық органы салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге, есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы болатын;

салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікті ұсынуға міндетті, салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, салықтық есептілікті кері қайтарып алуға құқылы болатын;

салық төлеуші (салық агенті) салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап етуге құқылы болатын уақыт кезеңі салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі деп танылады.

Салық кодексінің 48-бабына сәйкес салық міндеттемесі мен талабы бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайды. Талап қоюдың ескіру мерзімі бес жылды құрайтын мына салық төлеушілер:

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес қызметті жүзеге асыратын;

кәсіпкерлік кодексіне сәйкес субъектілердің осындай санатына жатқызылған ірі кәсіпкерлік субъектілері;

Салық кодексінің 30-тарауының шарттарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының резиденттері ерекше болып табылады.

Құқықтық актілер туралы заңның 11-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес, егер нормативтік құқықтық актілерде немесе оларды қолданысқа

енгізу туралы актілерде өзгеше көзделмесе, барлық нормативтік құқықтық актілер тікелей қолданылады.

Қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану үшін қандай да бір қосымша нұсқаулар талап етілмейді.

Салық төлеушілер мен салық органдары салықтық құқықтық қатынастарға түсе отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті, күші жойылған және қолданысын тоқтатқан заңнама нормалары олар жойылғаннан кейін жасалатын адамдардың іс-әрекеттеріне қолдануға жатпайды.

Соттар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық құқықтық қатынастарға қатысушылар ағымдағы салық кезеңінде алдыңғы салық кезеңдеріне қатысты әрекеттер жасаған кезде Салық кодексінің бес жылдық талап қоюдың ескіру мерзімі туралы күші жойылған нормасын қолдануға құқылы емес екендігін ескергендері жөн, өйткені Салық кодексінің қолданыстағы нормасы бойынша мұндай мерзім, егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, үш жылды құрайды.

Салық органдары талап қоюдың ескіру мерзімінің шегінен тыс салық төлеушіге және (немесе) салық агентіне талап қоюға құқылы емес. Бұл ретте Салық кодексі талап қоюдың ескіру мерзімімен өсімпұлды есептеуді шектемейді.

18. Салық органының салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомасын есепке жазу немесе қайта қарау құқығына қатысты талап қоюдың ескіру мерзімі Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген хабарламалар шығарылған күнге есептеледі.

Салық кодексінің 48-бабының 9-тармағында талап қоюдың ескіру мерзімі ұзартылатын жағдайлар белгіленген. Аталған баптың 10-тармағында талап қоюдың ескіру мерзімін тоқтата тұру жағдайлары көзделген.

Трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша салықтық тексеру жүргізу кезінде оның тоқтатыла тұруын ескере отырып, талап қоюдың жалпы ескіру мерзімі жеті жылдан аспауға тиіс.

Көрсетілген мәселелер бойынша тексеруді тоқтата тұрған кезде салық органы «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 67-IV Заңының 8-бабының талаптарын сақтауға тиіс. Ескіру мерзімінің өтуі сұрау салу жіберілген кезде тоқтатыла тұруы мүмкін, ол мынадай:

мемлекеттің құзыретті органына (ұйымына) жолданған;
дербестендірілген, тексерілетін салық төлеушіге қатысты жасалған;
тексеру нысанасына кіретін мәселелер бойынша енгізілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Соттар сұрау салу жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда мұндай сұрау салу жіберілген болып есептелмейтінін ескергені жөн.

Салық кодексінің 48-бабының 10-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жүргізілген салықтық тексеру аяқталған күннен бастап қылмыстық іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейінгі уақыт кезеңі талап қоюдың ескіру мерзіміне кірмейді.

Салық органдарының салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомасын талап қою мерзімі ішінде қайта қарау құқығы көрсетілген мерзім сақталған жағдайда олардың Салық кодексінің 145-бабы 3-тармағында көзделген жоспардан тыс салықтық тексерулерді бұрын тексерілген кезең үшін жүргізуге құқылы екенін білдіреді.

Салық кодексінің 56-бабында салық міндеттемесін тоқтату негіздерінің түпкілікті тізбесі айқындалған.

Мемлекеттік кіріс органдары есептеген, есепке жазған және салық төлеушілерге талап қоюдың ескіру мерзімдері шегінде төлеуге ұсынған салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу туралы салықтық талаптар бойынша талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі туындаған салықтық міндеттемені тоқтатпайды және салық төлеушіні оны орындаудан босатпайды.

19. Салық кодексінің 48-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап етуге құқылы уақыт кезеңі салық міндеттемесі мен талабы бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі болып танылады.

Салық органының салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомасын есепке жазуға немесе қайта қарауға құқығын және салық төлеушінің салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлдарды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап ету құқығын бөлу қажет. Мәселен, салық төлеушінің бюджеттен салықтарды қайтару құқығын іске асыру кезінде салық органы салықтардың есептелген сомасын есептемейді және қайта қарамайды, бірақ бюджеттен салықтарды қайтаруды растайды не растаудан бас тартады.

Осыған байланысты, салық төлеушілердің салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлдарды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап ету құқығына қатысты талап қоюдың ескіру мерзімін есептеу кезінде салықтық тексеру нәтижелері бойынша шешім, оның ішінде салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама шығарылған күнді емес, Салық кодексінің 101-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген салықтық өтінішті немесе Салық кодексінің 431-бабы 1-тармағының

2) тармақшасында көзделген ҚҚС-ның асып кету сомасын қайтару туралы талапты салық органының қабылдау (тіркеу) күнін назарға алған жөн.

20. Сот АҚ-нің 179-бабының 2-тармағына сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімін сот шешім шығарғанға дейін дауда тарап жасаған мәлімдеме бойынша ғана қолданады.

Соттар заңның осы нормасы АҚ-нің 1-бабының 4-тармағына орай салықтық дауларға қолданылмайтынын ескеруге тиіс. Салық заңнамасында белгіленген талап қоюдың ескіру мерзімінің сақталуын сот бұл туралы тараптардың арызының бар-жоғына қарамастан тексеруге міндетті.

21. Соттардағы мемлекеттік баж алу объектілері, мөлшерлемелері және оны төлеу тәртібі Салық кодексінің 609, 610, 623-баптарында белгіленген.

Мемлекеттік баж мөлшерлемелері, егер Салық кодексінің 610-бабында өзгеше белгіленбесе, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік баж төленген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде немесе талап қою сомасының пайызында айқындалады.

Жеке және заңды тұлғалардың салық органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану және дара кәсіпкерлердің, шаруа немесе фермер қожалықтарының, заңды тұлғалардың тексеру актілері бойынша хабарламаларға дау айтуы туралы істер бойынша мемлекеттік баж Салық кодексінің 610-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында белгіленген мөлшерде алынады.

Салық кодексінің 616-бабында соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату негіздерінің толық тізбесі белгіленген.

Егер талап қоюшы мемлекеттік бажды бюджеттік сыныптаманың қате кодына не толық мөлшерде төлемесе, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 138-бабының төртінші бөлігіне сәйкес судья талап қоюшыға осы кемшіліктерді көрсетеді және оларды түзету үшін мерзім белгілейді.

Төленген мемлекеттік баж сомаларын қайтару жағдайлары мен тәртібі Салық кодексінің 108-бабында регламенттелген.

бірінші абзацтағы «ол ұсталған сәттен немесе оған бұлтартпау шарасы қолданылған уақыттан» деген сөздер «ҚПК-нің 64-бабының бірінші бөлігінде көзделген қандай да бір әрекетті жүргізу сәтінен» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі «қаулы» деген сөз «ҚПК-нің 66-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамды қорғаушы ретінде жіберу туралы қаулы, ал адвокатқа қатысты – іске кіріскен адвокатты қорғаушы ретінде тану туралы қаулы» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 12-тармақтағы «адамды қорғаушы ретінде іске қатысуға жіберген» деген сөздер «адвокат қорғаушы ретінде іске қатысуға кіріскен» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 14-тармақтағы «танысып» деген сөз «таныстырылуы тиіс, оны» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 15-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда қорғаушыдан бас тарту қабылданбайды.»;

үшінші абзацтағы орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

төртінші абзацтағы орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

7) 16-тармақтың екінші абзацындағы «байланысты» деген сөзден кейін «қорғануға құқығы бар куәнің,» деген сөздермен толықтырылсын;

8) 18-тармақтағы «құқық бұзушылықтың мәні басты сот талқылауында дәлелдемелердің заңда көрсетілген тәртіппен алынғандығына» деген сөздер «бұзушылықтың мәні басты сот талқылауында дәлелдемелердің жол берілетіндігі мен анықтығын» деген сөздермен ауыстырылсын;

7. «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 11 шілдедегі № 8 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 14; 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 12; 2007 жылғы 11 мамырдағы № 3; 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1; 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6; 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 8; 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 13-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кіру белгісі кінәлі адам үй-жайға, қоймаға немесе көлік құралына кірмей-ақ техникалық құралдар мен өзге де құрылғыларды пайдаланып ұрланатын заттарды алған кезде де орын алады.»;

2) 14-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Материалдық құндылықтарды тұрақты немесе уақытша сақтау үшін бөлінген, қоршаумен немесе техникалық құралдармен арнайы жабдықталған не күзетпен қамтамасыз етілген құрылыстар, ерекше құрылғылар, аумақ орындары немесе учаскелері (мысалы, мүлікті сақтауға арналған немесе осы мақсаттарда пайдаланылатын контейнерлер, сейфтер, қоймалар, жүктері

бар күзетілетін теміржол платформалары, қоршаумен қоршалған үйлердің аулалары және өзге де қоршалған немесе қоршалмаған күзетілетін учаскелер және т.б.) қойма деп түсініледі. Сақтауға арналмаған, бірақ осы мақсаттарда пайдаланылатын сыйымдылықтар, аумақтың (акваторияның) учаскелері (мысалы, күзетілмейтін не оларға кіруге кедергі келтіретін құрылғылары жоқ үйлердің қоршалмаған аулалары, автомашиналардың ашық шанақтары, платформалар және жартылай вагондар) «қойма» ұғымына жатпайды.»;

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

«Күзетте тұрған немесе кіруге кедергі келтіретін құрылғысы бар көлік құралының кез келген жабық бөлігіне (салонға, жүксалғышқа, жабық шанаққа, капотқа және т. б.) кіру көлік құралына кіру деп танылады.

Көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық іс-әрекетті дербес саралау белгісі болып табылады және «қоймаға заңсыз кіріп жасалған ұрлық» белгісімен қамтылмайды.

Көлік құралына кірумен жасалған тонау немесе қарақшылық тиісінше ҚК-нің 191-бабының үшінші бөлігінің 3) тармағына немесе 192-бабының үшінші бөлігінің 4) тармағына сәйкес «қоймаға заңсыз кірумен жасалған іс-әрекет» белгісімен саралануға жатады.

3) 18-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Иемдену - бұл кінәліге сеніп тапсырылған бөтеннің мүлкін өзінің пайдасына немесе үшінші тұлғалардың пайдасына айналдыру арқылы құқыққа қарсы өтеусіз ұстап қалудан көрінетін жымқыру түрі болып табылады. Талан-таражға салу сол бір мүлікті құқыққа қарсы өтеусіз тұтыну немесе оны тұтыну үшін басқа адамдардың иелігіне беру (сату, айырбастау, сыйға тарту және т.б.) түсініледі.»;

8. «Соттардың кейбір экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2004 жылғы 18 маусымдағы № 1 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 22; 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1; 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 8; 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 3-тармақтағы «жетінші тарауына» деген сөздер «сегізінші тарауына» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-тармақтағы «шығынның» деген сөз «экологиялық залалдың» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-тармақта:

«шығынды» «залал» деген сөздер тиісінше «экологиялық залалды», «экологиялық залал» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қоршаған ортаның бұзылған экологиялық жай-күйін қалпына келтіруді» деген сөздер «экологиялық залалды жоюды немесе табиғи

ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіруді» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 15, 16, 17-тармақтардағы «зиянның», «залал», «зиян» деген сөздер тиісінше «экологиялық залалдың», «экологиялық залал», «экологиялық залал» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 18-тармақта:

«зиян келтіру» деген сөздер «экологиялық залал келтіру» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және үшінші абзацтарда:

«зиян келтіруді», «осындай зиян келтіруді» деген сөздер «экологиялық залал келтіруді» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін» деген сөздер «экологиялық залалды жою немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіру үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацта «, 337-бабы бесінші бөлігінің 2-тармағы» деген сөздер алып тасталсын;

6) 22-тармақта:

«материалдық шығынды», «зиян келтіруші», «зиян еңсерілмейтін күштің» деген сөздер тиісінше «материалдық залалды», «экологиялық зиян келтіруші», «экологиялық зиян еңсерілмейтін күштің» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «келтірілген шығынның» деген сөздер «келтірілген экологиялық залалдың» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 23-тармақтың бірінші абзацындағы:

«ЭК-нің 321, 322-баптарына» деген сөздер «ЭК-нің бесінші бөліміне» деген сөздермен ауыстырылсын;

«қоршаған ортаның бұзылған жағдайын қалпына келтіруге» деген сөздер «экологиялық залалды жоюға немесе табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттерін қалпына келтіруге» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 24, 25, 28-тармақтардағы «келтірілген шығынның», «зиян тікелей», «шығынды», «келтірілген зиянның», «шыққан шығынның» деген сөздер тиісінше «келтірілген экологиялық залалдың», «экологиялық зиян тікелей», «экологиялық залалды», «келтірілген экологиялық зиянның», «экологиялық залалдың» деген сөздермен ауыстырылсын;

9. «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» 2006 жылғы 20 сәуірдегі № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 1; 2017 жылғы 31 наурыздағы № 3 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 8-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер тараптар қажетті құжаттарды өздерінің ұсынуына мүмкіндіктері болмауына байланысты сотқа оларды алуға көмектесу жөнінде өтінішхат мәлімдесе, онда сот өтінішхатты қанағаттандыруға немесе қанағаттандырудан бас тартуға құқылы. Мәлімделген өтінішхат бойынша соттың шешіміне жеке шағым келтірілмейді. Өтінішхатты қанағаттандырудан бас тартумен келіспеу туралы апелляциялық шағымда немесе прокурордың апелляциялық сатыдағы сотқа берген өтінішхатында көрсетілуі мүмкін.»;

2) 9-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Жекеше айыптау істері бойынша жәбірленуші (жекеше айыптаушы) не айыпталушы аудио- және (немесе) бейнежазба жүргізу арқылы алған нақты деректер қатыстылығы, жол берілетіндігі және анықтығы тұрғысынан сот оларды бағалағаннан кейін іс бойынша дәлелдемелер деп танылуы мүмкін.»;

3) 10-тармақта:

бірінші абзацта:

«айыпталушының» деген сөз «күдіктінің және айыпталушының» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бекіту» деген сөз «зерттеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«Егер сотқа дейінгі іс жүргізу барысында адвокат шақыру және өзіне қарсы айғақ бермеу құқығымен таныспаған күдіктінің айғақтары адвокат болмаған кезде берілсе, онда бұл айғақтарға дәлелдемелер ретінде жол берілмейді деп танылады.»;

4) 16-тармақта:

бірінші абзацтағы орыс тіліндегі сөздер өзгереді, мемлекеттік тілдегі сөздер өзгермейді;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«Егер істе сол бір мәселелер бойынша әртүрлі тұжырымдары бар сарапшылардың бірнеше қорытындысы болса, сот олардың әрқайсысын іс бойынша басқа дәлелдемелермен жиынтығында бағалағаны жөн. Мұндай жағдайларда қажет болған кезде жаңа (қосымша немесе қайталама) сараптама тағайындалуы мүмкін. Сот актісінде сот істі шешу кезінде сол немесе басқа сараптамалық қорытындыны назарға алатыны жөнінде негіздерді келтіруі міндетті.»;

5) мынадай мазмұндағы 16-1 және 16-2-тармақтармен толықтырылсын:

«16-1. Қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер істің басқа материалдарымен қатар маманның қорытындысымен де анықталады.

ҚПК-нің 80-бабына сәйкес маман ретінде іске мүдделі емес арнайы білімі бар адам тартылуы мүмкін.

Маман ретінде тартылған, зерттелетін мәселелерде тиісті құзыреті жоқ адамның қорытындысы жол берілмейтін дәлелдеме болып табылады.

16-2. Қылмыстық істер бойынша сарапшының не маманның қорытынды беруі үшін қатысуы іс бойынша тиісті зерттеулер жүргізуге сарапшының, маманның құзыреттілігі туралы деректер көрсетілген қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысының негізінде жүргізіледі.

Қылмыстық процеске қатысушылар сараптаманы не маманды тарту туралы қаулымен танысқан кезде ҚПК-нің 92-бабы бірінші бөлігінің 2) тармағының және 93-бабы бірінші бөлігінің 4) тармағының негізінде сарапшыға, маманға олардың құзыретті еместігі негіздері бойынша қарсылық білдіруді мәлімдеуге құқылы. Мәлімделген қарсылық білдіруді қарау нәтижелері бойынша қылмыстық процесті жүргізетін орган оны қанағаттандыру не қабылдамау туралы қаулы шығарады. Мәлімделген қарсылықты қабылдамау уәжді болуы тиіс.

Егер қылмыстық процесті жүргізетін органның қаулысында сарапшы туралы мәліметтер көрсетілмесе, онда сот сараптамасы органының басшысы сарапшыны таңдағаннан кейін сараптаманы тағайындаған адам процеске қатысушыларды онымен таныстыруға және процеске қатысушыларға таңдалған сарапшыға қарсылық білдіру құқығын түсіндіруге міндетті.»;

6) 17-тармақтың бірінші абзацындағы «қаулысымен» деген сөзден кейін «(қылмыстық теріс қылық туралы хаттамамен)» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 18-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі өткеннен кейін іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген (іздістіру іс-шараларының материалдарын және жасырын тергеу әрекеттерін (бұдан әрі – ЖТӘ), сондай-ақ осы мерзімдерді үзуге негіздер болып табылған халықаралық құқықтық көмекті алуға байланысты процестік әрекеттердің нәтижелерін және сот сараптамаларын қоспағанда), айыпталушының іс материалдарымен танысқан, іс айыптау актісімен прокурорда болған кезеңде алынған нақты деректер жол берілмейтін дәлелдемелер деп танылады.»;

8) 20-тармақтағы «өтілшілері,» деген сөз «тағылымдамадан өтушілері, құқық қорғау органдарында практикадан өтетін студенттер,» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 21-тармақта:

екінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«Процеске қатысушы немесе өзге де адам ҚПК-нің 122-бабының төртінші бөлігіне сәйкес құжат ретінде қылмыстық іске қоса тіркеу үшін ұсынған аудиожазбаны не бейнежазбаны сотқа дейінгі тергеп-тексеруді

жүзеге асыратын тұлға ҚПК-нің 125-бабының қағидалары бойынша қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде оның анықтығы, қатыстылығы және жол берілетіндігі тұрғысынан зерттеуі және бағалауы тиіс. Аудиожазба не бейнежазба дәлелдеме деп танылған жағдайда қылмыстық іске қоса тіркеледі, ол туралы хаттама (қаулы) толтырылады.

Қылмыстық қудалау органының қызметкері заңда белгіленбеген тәртіппен алған материалдар (заңнамада белгіленген талаптарды бұза отырып, өз бетінше жасырын аудио -, бейнежазбаны жүргізу және т.б.) іс материалдарына қоса тігілуі және жол берілетін дәлелдемелер деп танылуы мүмкін емес.»;

үшінші абзац бесінші абзац болып саналсын;

10) 22-тармақта:

бірінші абзацтағы «Республикасы» деген сөз «Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алып тасталсын;

төртінші абзацтағы «, сондай-ақ ҚПК-нің 232-бабының төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілмеген істер бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

алтыншы абзацтағы «Судья, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған не қылмыстық құқық бұзушылық жасау үстінде ұсталған жағдайларды қоспағанда, прокурордың» деген сөздер «Прокурордың» деген сөзбен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы «ҚПК-нің 210, 216 және 212-баптарының» деген сөздер «ҚПК-нің 182, 210, 212 және 216-баптарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 23-тармақтың бірінші абзацындағы «материалдар қылмыстық іс жүргізу заңдарымен көзделген іс жүргізу нысанына келтірілуі, тексерілуі және дәлелдемелер ретінде бағалануы тиіс.» деген сөздер «және ҚПК-нің 120-бабының екінші бөлігіне сәйкес құжаттар болып табылатын материалдар тексерілуі және дәлелдемелер ретінде бағалануы мүмкін.» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) мынадай мазмұндағы 23-1-тармақпен толықтырылсын:

«23-1. ЖТӘ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу шеңберінде ғана жүргізіледі. Сотқа дейінгі іс жүргізу басталғанға дейін ЖТӘ жүргізуге жол берілмейді.

ҚПК-нің 231-бабының 1) тармағында көзделген ЖТӘ-ні жүргізу (адамды немесе орынды жасырын аудио-және (немесе) бейнебақылау) қатаң ҚПК-нің 242-бабына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс. ЖТӘ-нің осы түрін жүргізу кезінде қылмыстық әрекетті имитациялайтын мінез-құлыққа не басқа адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндіруге (арандатуға) жол берілмейді. Бұл ретте жасырын енгізу және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау түріндегі ЖТӘ-ні көздейтін ҚПК-нің 231-бабының

10) тармағы және 251-бабы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI Заңымен ҚПК-ден алып тасталғанын ескеру қажет.»;

13) 24-тармақтың үшінші абзацындағы «сот шағым уәждерін» деген сөздер «бірінші және апелляциялық сатыларының соттары арыздар дәлелдерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

10. «Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің түрлерін тағайындау жөніндегі сот практикасы туралы» 2006 жылғы 23 маусымдағы № 7 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1; 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 8; 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 2-тармақта:

төртінші абзацтағы «қылмыспен келтірілген» деген сөздердің алдынан «ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 367-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы «қасақана қылмыс» деген сөздердің алдынан «ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 367-бабының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Әйелдерге қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу:

ҚК-нің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) және 3) тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қасақана қылмыстар (ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр) жасағаны үшін екі жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, бұрын қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтемегендерге;

қылмыстардың қайталануы кезінде, егер бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін ол нақты бас бостандығынан айыру жазасын өтемесе;

ҚК-нің 366-бабының 1-1, екінші және үшінші бөліктерінде, 367-бабының екінші және үшінші бөліктерінде, 368-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандарға;

айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу бас бостандығынан айырумен ауыстырылған жағдайларда тағайындалады.

Әйелдерге қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу:

ҚК-нің 7, 8, 9, 12 және 13-тарауларында көзделген күш қолданумен байланысты емес қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ ҚК-нің 15-тарауында көзделген қылмыстар үшін сотталған, қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген әйелдерді қоспағанда, қасақана қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны бұрын өтеген, бас бостандығынан айыруға сотталғандарға;

кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасаған адамдарды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандарға;

оның бұрын қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтегеніне қарамастан, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде тағайындалады.»;

3) 4-тармақта:

төртінші абзацтағы «тағайындалады.» деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«кәмелетке толмаған жаста қылмыс жасаған адамдарды қоспағанда, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тағайындалады.»;

11. «Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдануы туралы» 2007 жылғы 25 желтоқсандағы № 8 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2011 жылғы 21 сәуірдегі № 1; 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 8; 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 5-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Басты сот талқылауы барысында прокурор ҚПК-нің 340-бабы бесінші бөлігінің талаптарын сақтай отырып, жаңа айыптау актісін жасау арқылы айыпталушының қылмысты тиісінше қайталап жасағанын көрсетіп, айыптауды толықтыруға құқылы.»;

екінші және үшінші абзацтар тиісінше үшінші және төртінші абзацтар болып саналсын;

2) 9-тармақтағы «сынақ мерзімі» деген сөздер «пробациялық бақылау мерзімі» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 17-тармақтағы «6, 7, 8-тармақтарында» деген сөздер «6, 6-1, 7, 8-тармақтарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 24-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Егер айыптау актісінде заңда көзделген негіздер болған кезде кінәні ауырлататын мән-жай ретінде айыпталушының қылмыстық құқық бұзушылықты тиісінше қайталап жасағаны көрсетілмесе және прокурор бұл бұзушылықты жаңа айыптау актісін жасау арқылы жоймаса, онда сот

үкімде құқық бұзушылықтың қайталанып жасалғаны туралы көрсетуге құқылы емес, бірақ тиісті шаралар қабылдау үшін жіберілген бұзушылық туралы жоғары тұрған прокурордың назарына жекеше қаулымен жеткізуге міндетті.»;

12. «Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жасалған шағымдарды соттардың қарауы туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)» 2012 жылғы 27 маусымдағы № 3 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 3; 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 2-тармақтағы бірінші сөйлем «әсер етсе,» деген сөздерден кейін «сол сияқты олардың қорғаушылары, өкілдері» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-тармақта:

екінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«ҚПК-нің 153-бабының төртінші бөлігіне сәйкес тергеу судьясы санкцияламаған сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының бұлтартпау шараларын қолдану/қолданбау, олардың күшін жою немесе оларды өзгерту туралы қаулыларына шағым жасау ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен жүргізіледі. Басқа жағдайларда бұл мәселені қарау тергеу судьясының қаулыларын қайта қарауға өкілеттіктері бар соттың құзыреттілігіне жатқызылған»;

3) 11-тармақтағы екінші абзац алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

«12-1. Тергеу судьясының қаулысымен тергеушінің, анықтаушының, прокурордың сол бір шешіміне немесе әрекеттеріне бірнеше шағым бір іс жүргізуге біріктірілуі мүмкін.

Бірнеше шағым бір іс жүргізуге біріктірілген жағдайда қарау мерзімі соңғы шағым түскен күннен бастап есептеледі.»;

5) 29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының адамның құқықтары мен бостандықтарын, ұйымдардың заңмен қорғалатын мүдделерін заңсыз шектеуге немесе өзге де бұзушылықтарға әкеп соққан әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) және (немесе) шешімдерінің заңсыздығы фактісі анықталған кезде тергеу судьясы шағымды қарау қорытындысы бойынша ҚПК-нің 56-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес заң бұзушылыққа жол берген адамдардың жауаптылығы туралы мәселені шешу үшін жекеше қаулы шығаруға міндетті.

Шағымды ҚПК-нің 106-бабының тәртібімен қарау нәтижесі бойынша шығарылған тергеу судьясының заңды күшіне енген немесе дереу

орындалуға жататын сот актісін орындамаған жағдайда заң бұзушылығын жою жүктелген лауазымды адам заңда көзделген тәртіппен жауаптылыққа тартылуға жатады.»;

13. «Алқабилерді қатыстырып қылмыстық істерді қарауды реттейтін заңнаманы соттардың қолдану практикасы туралы» 2012 жылғы 23 тамыздағы № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 4; 2017 жылғы 31 наурыздағы № 3; 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 1-тармақта:

бірінші абзацта:

«өлім жазасы немесе» деген сөздер алып тасталсын;

«ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар» деген сөздерден кейін «, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы аса ауыр қылмыстар туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта:

«әскери қылмыстар» деген сөздерден кейін «және» деген шылау алып тасталсын;

«жасалған қылмыстар туралы» деген сөздерден кейін «, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы аса ауыр қылмыстар туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

14. «Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 13; 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6; 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 3 нормативтік қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 4-тармақтағы «айыптау актісін» деген сөздерден кейін «, жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру хаттамасын, айыптау хаттамасын» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-тармақтағы «өлім жазасын немесе», «немесе өлім жазасы» деген сөздер алып тасталсын;

3) 8-тармақта:

«, 47» деген цифрлар алып тасталсын;

«және өлім жазасын тағайындауға», «өлім жазасы мен» деген сөздер алып тасталсын;

15. «Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстырудың және тағайындалған жаза мерзімін қысқартудың сот практикасы туралы» 2015 жылғы 2 қазандағы № 6 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 2-тармақтың бесінші абзацындағы «ҚК-нің 72-бабына» деген сөздер «ҚК-нің 72 және 73-баптарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Бұл ретте сотталған адам өтеген жаза мерзімін және сотталған адам шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған мерзімді не жазаны неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру мерзімін арифметикалық есептеуді қылмыстардың жиынтығы не үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалған түпкілікті жазаны негізге ала отырып жүргізу қажет.»;

3) 14-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«ҚК-нің 72 және 73-баптарының ережелерін қолданған кезде адамдар белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жазадан босатылмайды.»;

4) 16-тармақтағы «мүгедек» деген сөздер «мүгедектігі бар адамдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

16. «Сот төрелігіне қол жеткізу құқығы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот актілерін қайта қарау бойынша өкілеттіктері туралы» 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 1:

1) 3-тармақтағы «1998 жылғы 5 маусымдағы № 3/2,» деген сөздер алып тасталсын;

2) 4-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Конституцияның 81-бабына сәйкес Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жататын сот істерін қарайды және сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер береді.»;

үшінші абзацтағы «заңды күшіне енген сот актілерін» деген сөздер «төмен тұрған соттардың сот актілерін» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 5-тармақта:

бірінші абзацтағы «заңды күшіне енген сот актілерін» деген сөздер «кассациялық тәртіппен» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы «және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 485-бабы екінші бөлігінің 3) тармақшасы)» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 169-бабы алтыншы бөлігінің 3) тармақшасы; Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 851-бабы бесінші бөлігінің 3) тармақшасы)» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «АПК-нің 438-бабы алтыншы бөлігінің 1), 2) тармақшалары» деген сөздерден кейін «, ӘРПК-нің 169-бабы алтыншы бөлігінің 1), 2) тармақшалары; ӘҚБтК-нің 851-бабы бесінші бөлігінің 1), 2) тармақшалары» деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы «азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзушылықтар не» деген сөздер алып тасталсын;

алтыншы абзацтағы «өлім жазасына немесе» деген сөздер алып тасталсын;

сегізінші абзац алып тасталсын;

17. «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» 2017 жылғы 29 маусымдағы № 6:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Айыптау актісінде және сот үкімінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасын сипаттау кезінде жасалған іс-әрекеттің объективті және субъективті жақтарын ескере отырып, алаяқтық жасалған тәсіл нақтылануы тиіс.»;

2) 8-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«Ақпараттық жүйелерді пайдаланушыларға қатысты жасалған алаяқтық кінәліге немесе оның нұсқауы бойынша басқа адамдарға ақшалай қаражат және (немесе) жеке деректері аударылған сәттен бастап аяқталды деп танылады.

Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып алаяқтықтың жасалған орны деп ақшалай қаражатты аударатын жәбірленушінің тұрған жерін санаған жөн.»;

18. «Қылмыстық істі сот отырысына дайындау барысында қылмыстық-процестік заңнама нормаларын қолданудың кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 8 желтоқсандағы № 10:

1) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есепті жасауы және прокурор айыптау актісін жасаған сәттен адамды айыпталушы деп тану бөлігінде процестік шешімдерді тексеру кезінде соттар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілік аймақтарының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 27 желтоқсандағы № 88-VII Заңының 2-бабы 4) тармақшасының ережелерін негізге алғаны жөн, осы мәселелер бойынша жаңа ережелер:

ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің және экономикалық тергеу қызметінің тергеушілері тергейтін аса ауыр қылмыстарға, оның ішінде басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істермен біріктірілген істерге қатысты 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 3-бабының 29) тармағында көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы істерге,

оның ішінде басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істермен біріктірілген істерге қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап;

алдын ала тергеу нысанында аяқталған өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерге қатысты 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.»;

2) 23-тармақта:

23-тармақтағы үшінші, төртінші, бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«осы нормативтік қаулының 2-1-тармағының түсіндірмелері ескеріле отырып, прокурор айыптау актісіне келісім білдірмесе не осы актіні жасаған тұлға оған қол қоймаса;»;

«осы нормативтік қаулының 2-1-тармағының түсіндірмелері ескеріле отырып, айыпталушы сотқа берілмесе;»;

«осы нормативтік қаулының 2-1-тармағының түсіндірмелері ескеріле отырып, сотқа беру туралы қаулыда айып тағылған және айыптау актісі жасалған адамдар толық көрсетілмесе және қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы болмаса;»;

3) мынадай мазмұндағы 25-1-тармақпен толықтырылсын:

«25-1. Соттың қылмыстық істі алдын ала тыңдаудан прокурорға қайтару туралы қаулысына ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен апелляциялық сатыдағы сотқа жекеше шағым берілуі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулыда ҚПК-нің 323-бабының тәртібімен істі прокурорға қайтару туралы процеске қатысушылардың өтінішхатын қанағаттандырусыз қалдыру туралы соттың шешіміне жеке шағымдануға болмайды. Соттың мұндай шешіміне қарсылықтар апелляциялық шағымдарда, прокурордың сот үкіміне келтірілген өтінішхаттарында жазылуы мүмкін.»;

19. «Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» 2018 жылғы 29 қарашадағы № 17:

1) 1-тармақта:

екінші абзацтағы «тағайындалып, қосымша жаза қолданылмайды.» деген сөздер «және ҚК-нің айып тағылған бабының санкциясында көзделген белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі міндетті қосымша жаза, егер ҚК бабының санкциясында осы құқықтан айырудың белгілі бір (нақты) мерзімі белгіленсе, тағайындалады.» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы «немесе қосымша жазаның тағайындалуы міндетті болса» деген сөздер алып тасталсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Істі бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы мәселе сотқа дейінгі сатыда шешіледі.

Сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адам күдіктіге, жәбірленушіге, азаматтық талап қоюшыға, азаматтық жауапкерге (олардың өкілдеріне) заңда көзделген процестік құқықтарын, оның ішінде бұйрықтық іс жүргізу тәртібін қолдануға құқығын түсіндіреді.

Күдіктіге:

оның қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін күдіктелетіні және кінәлілігі қандай дәлелдемелермен расталатыны;

азаматтық талап қоюдың мәлімделгені туралы;

мүліктік залалды және (немесе) моральдық зиянды өтеу туралы талаптардың, ҚК-нің 98-1, 98-2-баптарында көзделген Жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлемдердің, процестік шығындардың сомасы (мөлшері) туралы;

сот айыптау үкімін шығарған кезде айыппұл түріндегі негізгі жаза тағайындалғаны, оның мөлшері, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза тағайындалғаны туралы;

айыппұлды орындау және белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру тәртібі туралы;

сотталғанды бұйрықтық іс жүргізу үкімімен ҚК-нің 79-бабының екінші бөлігінде және үшінші бөлігінің 2) тармағында көзделген негіздермен соттылығы жоқ деп тану туралы;

үкімді қайта қарау тәртібі туралы;

бұйрықтық іс жүргізу бойынша маңызы бар басқа да мәселелер туралы түсіндірілуі тиіс.

Сонымен қатар күдіктіге, жәбірленушіге, азаматтық талап қоюшыға және азаматтық жауапкерге (олардың өкілдеріне) бұйрықтық іс жүргізудің ерекшеліктері мен құқықтық салдарлары түсіндіріледі, күдіктінің әрекеттерінің саралануы, қолдағы бар дәлелдемелер туралы, олардың азаматтық талап қоюды мәлемдеуге құқығы туралы хабарланады.»;

Сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын тұлға күдіктінің, жәбірленушінің, азаматтық талап қоюшының және азаматтық жауапкердің (олардың өкілдерінің) дәлелдемелерді зерттеусіз және олардың сотқа қатысуынсыз істі қарауға келісетін-келіспейтінін анықтауға міндетті.

Процеске қатысушыларға құқықтары түсіндірілгені туралы хаттама толтырылады.»;

3) 10-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қылмыстық теріс қылық туралы және онша ауыр емес қылмыс туралы іс ҚПК-нің 629-3-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам шығарған бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы қаулымен бірге анықтау органының бастығына берілуге тиіс, ол қаулыны

келіскеннен кейін қаулыны бекіту және істі сотқа жолдау үшін прокурорға жібереді.»;

үшінші және төртінші абзацтар алып тасталсын;

4) 13-тармақта:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«істі прокурорға қайтару туралы;»;

төртінші абзац алып тасталсын;

5) 14-тармақта:

екінші абзацтағы «сотқа дейінгі іс жүргізетін органға немесе» деген сөздер алып тасталсын;

6) 17-тармақтағы төртінші абзац алып тасталсын;

7) 21-тармақта:

бірінші абзацтағы «немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші абзацта:

«ордердің, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап →» деген сөздер алып тасталсын;

«ордер немесе» деген сөздер алып тасталсын;

«жазбаша хабарлама» деген сөздерден кейін «және адвокат куәлігінің көшірмесін» деген сөздермен толықтырылсын;

20. «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 24 қаңтардағы № 1 (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен):

1) 7-тармақта:

алтыншы абзацтағы «сатып алудың және т.б.» деген сөздер «сатып алудың, тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығудың, әскери есептен шығудың, шет мемлекет азаматтығы болуының, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрғылықты жері, жұмысы, отбасы болмауының, шетелде табыс көзі, қаржылық (мүліктік) ресурстар болуының және т.б.» деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«адамға қылмыстық топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың құрамында қылмыс жасады деп күдік келтіру (айыптау) ҚК-нің 3-бабының тиісті тармақтарында және «Соттардың бандитизм және қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатыса отырып, басқа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 21 маусымдағы № 2 нормативтік қаулысының 11-тармағында белгіленген осы қылмыстардың барлық белгілері нақты дәлелдермен расталуға тиіс»;

2) 10-тармақтың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы екінші және үшінші сөйлемдермен толықтырылсын:

«Сот күдік келтірудің негізділігін тексеру кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы ұсынған дәлелдемелердің анықтығын және адамға қатысты негізді күдік келтіру үшін олардың жеткіліктілігін анықтайды. Күдік келтірудің негізділігін тексеру іс материалындағы қылмыс оқиғасы сипатталуының және оны саралау кезінде ҚК-нің Ерекше бөлігінің қолданылған бабына сәйкестігін тексеруді де қамтиды.»;

3) 11, 13-тармақтардағы «мемлекеттік» деген сөз «Мемлекеттік» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 15-тармақ мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Күдіктіні күзетпен ұстау мерзімінің аяқталуы оны ұзарту үшін негіз болып табылмайды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы күзетпен ұстау мерзімін ұзарту үшін негіздерді растайтын дәлелдемелерді сотқа ұсынуға міндетті.»;

5) 21-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Күдікті (айыпталушы) сот ісін жүргізуге кедергі келтіреді немесе тергеуден және соттан бой тасалайды не қылмыстық әрекетті жалғастырады деген тұжырымдар жеткілікті дәлелдемелермен тіркелуі және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өтінішхатында, сонымен қатар ҚПК-нің 148-бабы тоғызыншы бөлігінің 3) немесе 4) тармақтарында көзделген негіздер бойынша күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы тергеу судьясының қаулысында тиісті түрде уәжделуі тиіс.».

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

А.Мерғалиев

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы**

Г.Әлмағамбетова

**НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 10
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

22 декабря 2022 года

город Астана

О внесении изменений и дополнений в некоторые нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан по уголовному и уголовно-процессуальному законодательству

1. Внести изменения и дополнения в следующие нормативные постановления Верховного Суда Республики Казахстан:

1. «О судебной практике по делам о хищении огнестрельного оружия, боевых припасов, вооружения и взрывчатых веществ, незаконном приобретении, ношении, хранении, изготовлении или сбыте их, и небрежном хранении огнестрельного оружия» от 21 июля 1995 года № 4 (с изменениями и дополнениями, внесенными нормативными постановлениями Верховного Суда Республики Казахстан от 22 декабря 2008 года № 5; от 21 апреля 2011 года № 1; от 20 апреля 2018 года № 8):

1) в пункте 7 после слова «эксперта» дополнить словами «или специалиста»;

2) дополнить пунктом 16-1 следующего содержания:

«16-1. Судам следует различать предусмотренную Примечанием к статье 287 УК добровольную сдачу оружия, боеприпасов, взрывчатых веществ и взрывных устройств от добровольной выдачи этих предметов перед началом обыска в случаях, предусмотренных частью восьмой статьи 254 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК).

Добровольная выдача указанных предметов перед началом обыска в случаях, предусмотренных частью восьмой статьи 254 УПК, не является добровольной сдачей и не влечет освобождение от уголовной ответственности на основании Примечания к статье 287 УК, но может быть на основании части второй статьи 53 УК признана судом обстоятельством, смягчающим уголовную ответственность и наказание.

Если лицо при производстве обыска заявило о наличии у него оружия или иных предметов, указанные в статье 287 УК, которые хранятся вне места обыска (на иной территории, у других лиц и т.п.), обнаружение которых без его указания было бы невозможным, то указанные действия признаются добровольной сдачей и лицо в соответствии с Примечанием к статье 287 УК освобождается от уголовной ответственности по этой статье.

В случае, когда в процессе обыска искомые предметы не были найдены, но после завершения обыска лицо указало их место нахождения, которое не было обнаружено при обыске и откуда они в последующем были изъяты, то такие действия лица следует также признавать добровольной сдачей.

Указанные выше разъяснения о добровольной выдаче и добровольной сдаче предметов распространяются также на случаи производства личного обыска, выемки и осмотра.»;

3) в пункте 19 абзац первый изложить в следующей редакции:

«По делам данной категории автомобили, мотоциклы и иные транспортные средства, признанные орудиями и (или) средствами уголовных правонарушений и вещественными доказательствами, принадлежащие лицу, совершившему уголовное правонарушение, в соответствии с требованиями пункта 1) части третьей статьи 118 УПК подлежат конфискации судом на основании статьи 48 УК в собственность государства.»;

2. «О применении законодательства по делам, связанным с незаконным оборотом наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов и прекурсоров» от 14 мая 1998 года № 3 (с изменениями и дополнениями, внесенными нормативными постановлениями Верховного Суда Республики Казахстан от 30 апреля 1999 года № 2; от 22 декабря 2000 года № 19; от 11 июля 2003 года № 7; от 21 апреля 2011 года № 1; от 31 марта 2017 года № 3; от 11 декабря 2020 года № 6):

1) в пункте 3-1 в абзаце втором слова «статьи 296 УК» заменить словами «статьи 296 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК)»;

2) дополнить пунктом 9-5 следующего содержания:

«9-5. Производство обыска, выемки, осмотра жилого помещения и иных следственных действий, подлежащих санкционированию следственным судьей, в случаях, не терпящих отлагательства, должны осуществляться при наличии исключительных обстоятельств строго в соответствии с требованиями УПК.

Исключительными обстоятельствами, дающими основания для осуществления неотложных следственных действий, признаются случаи, когда производство следственных действий в общем порядке, установленном УПК, может привести к тяжким необратимым последствиям для жизни, здоровья людей либо имеется реальное опасение того, что разыскиваемое лицо может скрыться, уничтожить следы преступления и (или) подлежащий изъятию объект может быть из-за промедления с его обнаружением утрачен, поврежден или использован в преступных целях и т.п.»;

3) в пункте 20:

в абзаце первом слова «Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – УПК)» заменить словом «УПК»;

в абзаце четвертом слова «пункта 4) части второй» исключить;

3. «О некоторых вопросах применения законодательства о судебной власти в Республике Казахстан» от 14 мая 1998 года № 1 (с изменениями и дополнениями, внесенными нормативными постановлениями Верховного Суда Республики Казахстан от 22 декабря 2008 года № 8, от 30 декабря 2011 года № 5, от 24 декабря 2014 года № 3, от 31 марта 2017 года № 2, от 8 декабря 2021 года № 3):

1) пункт 2 исключить;

2) пункт 3 изложить в следующей редакции:

«3. Судья при осуществлении правосудия должен быть независимым, подчиняться только Конституции и закону, сохранять объективность и беспристрастность, обеспечить реализацию принципа состязательности и равноправия сторон.

Судья не обязан давать каких-либо объяснений и выражать свое мнение по существу рассмотренных или находящихся в его производстве судебных дел.

В соответствии с принципом состязательности и равноправия сторон, суд должен обеспечить сторонам в судебном заседании равные возможности и необходимые условия для выполнения сторонами их процессуальных обязанностей и осуществления предоставленных им прав.»;

3) в пункте 4:

в абзаце втором предложение второе изложить в следующей редакции:

«К таким видам вмешательства, в частности, могут быть отнесены прямое указание или косвенная просьба лица о принятии судом (судьей) решения в пользу конкретной стороны судебного процесса и другие умышленные действия, совершенные в целях воспрепятствования осуществлению им объективного и беспристрастного правосудия по делу.»;

дополнить абзацами четвертым и пятым следующего содержания:

«Такие действия влекут уголовную ответственность, предусмотренную частями первой, третьей статьи 407 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК).

Организация и проведение собраний, митингов, демонстраций, шествий, пикетов либо иных публичных мероприятий в помещениях судов, на прилегающих к зданиям судов территориях и иных общественных местах по вопросам отправления правосудия и с нарушением требований законодательства о порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан подлежит квалификации как правонарушение, предусмотренное статьей 488 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях (далее – КоАП).»;

4) дополнить пунктом 4-1 следующего содержания:

«4-1. Согласно Уставу Республиканского общественного объединения «Союз судей Республики Казахстан» (далее – Союз судей) предметом и

основной целью его деятельности, наряду с другими, являются защита интересов судейского сообщества, содействие укреплению статуса судей и их независимости.

В этой связи в соответствии с подпунктом 4 части первой статьи 58 Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее – ГПК) Союз судей в случае обращения к нему судьи вправе через уполномоченных им лиц представлять судью и предъявлять в его интересах иски в суд о защите чести и достоинства.»;

5) в пункте 6 в абзацах втором и третьем слово «органов» заменить словами «и иных органов и организаций»;

